



**Нұрланбекова Р.Б.,  
Атығаев Ә.Ә.**

**РЕСЕЙДІҢ ОРТАЛЫҚ  
АЗИЯ ЕЛДЕРІН ОТАРЛАУ  
САЯСАТЫНЫҢ АЛҒЫ  
ШАРТТАРЫ**

*В данной статье  
рассматриваются некоторые проблемы  
процесса колонизации Центральной  
Азии царской Россией. На основе  
данных трудов военных историков  
выявляются причины колонизации  
Средней Азии и Южного Казахстана.*

*This article deals with some  
problems of Russian colonisation process  
in Central Asia. On the ground of dalas of  
military historians works an duther tries to  
find out the reasons of the colonisation of  
middle Asia and Southern Kazakhstan.*

Орталық Азия халықтары өздерінің бытыраңқылығы салдарынан бірден-бірге ауысып отырып, айналасындағы империялық мемлекеттердің - Қытайдың, Шыңғысхан империясының және ақыр соңында патшалық Ресейдің ықпалында болды. Мәселен 1920 жылдың ортасына дейін Орта Азиядағы бірегейлеу ісі 1) діни, 2) аймақтық, 3) тайпалық қатынасқа негізделді.

Орталық Азияны ұлттық – аумақтық белгілеріне қарай бөліп, жалған автономиялар құру, туысқан халықтардың тілі мен мәдениетіндегі айырмашылықтарды бадырайта көрсетіп, әдейі тереңдете түсу шаралары сол аймаққа әскери-саяси бақылау жасау мақсатымен жүргізілді [1].

Орыстардың қазақ даласына әскери шапқыншылығы XIX ғасырдан басталды. Кейбір авторлар Ресейдің осы бағытта ілгерілеп, ақыр аяғында Қазақстанды жаулап алуын бұл мемлекеттердің сан ғасырлар бойы жүргізіп келген экспансиялық саясатының жалғасы деп есептейді. Ресейдің қазақ даласын жаулап алудың маңызды және ілгері себептері болды. Қазақ даласының солтүстік жиегімен шекаралас Сібір жеріне орыстар 1860 жылға қарай жаппай қоныстана бастады, бірақ олар қазақтардың шапқыншылығына ұшырады. Оған қоса Орта Азия мен Қытайды Ресеймен жалғастыратын сауда жолдары қазақ даласы арқылы өтті. Жергілікті тұрғындар көп жағдайда сауда керуендеріне шабуыл жасап, жүктерін тонап әкетіп отырды. Қысқасын айтқанда, орыс қоныстанушыларының қорғансыздығы мен сауда жолдарының маңыздылығы қазақ даласына үстемдік орнатудың шешуші факторлары қатарына жатты.

Қорғаныс мәселесін айтпағанның өзінде де, Түркістанның әсіресе Хиуа, Бұхара және Қоқан хандықтарының байлығы орыс жаулаушылығының негізгі қозғаушы күштерінің бірі болды. XIX ғасырдың бас кезіндегі отырықшы Өзбектердің мақтасы, жеміс-жидегі мен жібегі өзінің сапалылығымен Ресейде жақсы таныс еді, ал енді осы қыруар байлықтан Ресейді қазақтардың ұлан байтақ даласы бөліп жатты. Егер Ресей қазақ даласына үстемдік орната алса, Орта Азияның егіншілікті аудандарын бақылауға алу әлдеқайда жеңіл жолмен жүзеге асырылған болар еді.

Қазақ даласына орыс мүдделілігінің арта түсуі жер мәселесіне де тікелей байланысты еді. Ресейдің Қазақстан мен Орта Азия жеріне әскери ілгерілеуінің маңызды саяси себебі де бар. XIX ғасырдың орта кезінде Орта Азияның оңтүстік шекарасында ағылшын ықпалының өрістеуі орыс үкіметін тығырыққа тіреді. Индия мен Ауғанстан



Британияның ықпал аймағына айналуы, бұл жағдай Орта Азияға қауіп төндірді. Ресейді мазасыздандырған болашақта Британияның Орта Азия хандықтарында үстемдікке ие болуы ғана емес, сонымен қатар мұнда орналасатын ағылшын әскерлерінің орыс жерлеріне де көз тігу мүмкіндіктері еді.

Орыстардың қазақ даласына әскери шапқыншылығы баяу жүрді, оны екі сатыға бөлуге болады. Бірінші кезең XVII ғасырда басталған қорғаныс және сауда шараларымен сипатталады. Екінші кезең әскери шабуылдар нәтижесінде қазақ даласына толық үстемдік орнатумен, яғни 1830 жылы басталып, 1865 жылы өзбек қаласы Ташкентті жаулап алумен аяқталды.

XVI - XVII ғасырларда Орал мен Сібірді жаулап алғаннан кейін орыстардың қазақ даласына бағыт алуының алғашқы әрекеттері жасалды. Қоныстанушыларды жергілікті тұрғындардың тонаушылық шапқыншылықтарынан қорғау мақсатында қазақ даласының солтүстік шекаралары бойына қазақ бекіністері салына бастады.

Орыстардың қазақ жеріне ене бастауының алғашқы кезеңінде Ресей мен Қазақ ордалары арасындағы қарым-қатынасында маңызды өзгерістер орын алды. XVIII ғасырда Қытай үкіметі қазақтарды өз қол астына қарату үшін қазақ даласына әскери шабуыл ұйымдастыруға әрекеттенді. Осыған байланысты Кіші Орда ханы Ресейдің қорғауын сұрады, сонымен 1731 жылы өзінің патшаға берілгендігі туралы ант берді [2].

Ресейдің XVIII – XIX ғасырларда Орталық Азиядағы сыртқы саясатының проблемалары XIX ғасырдың екінші жартысындағы тарихи әдебиетте аса кен көрініс тапты. Ресейдің шығысқа атап айтқанда, Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанға жылжуының себептері әскери тарихшылар Л.Ф.Костенконың, М.И.Венюковтың, М.А.Терентьевтің, Н.П.Глиноецкийдің, Л.Л.Мейердің, А.Н.Греннің еңбектерінде баяндалды.

Л.Ф.Костенко «Ресейдің Орта Азияға ілгерілеп жылжуы кезінде оның түпкі ойында атакқұмарлық болған жоқ және өз пайдасын көздеуі басшылыққа алған емес. Ресей тек бұл аймақты тыныштандырып, оның өндіргіш күштеріне қозғау салып және Түркістанда өндірілген шикізатты Ресейдің еуропалық бөлігіне өткізудің қысқа жолын ашқысы келді», деп есептеді.

М.И.Венюков, М.А.Терентьев, А.К.Гейнс әскери стратегиялық мүддемен қатар ағылшын – орыс қайшылықтарын Ресейдің Орталық Азияға жылжуының маңызды себептерінің бірі ретінде қарастырады. Олар бұл аймақта ағылшын ықпал өрісінің кеңеюін Ресей мүддесіне тікелей төнген қауіп деп есептеді. Барлық әскери тарихшылардың Ресей мен Британияның Орталық Азияға үстемдік ету үшін болған бақталастығы XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейдің Орталық Азия мемлекеттерін басып алудың аяқталу кезеңінде шарықтау шегіне жетті деген пікірі бір жерден шықты. Жалпы алғанда бұл тарихшылар орыс экспансиясының тарихын Ресейдің сыртқы саясаты шеңберінде ашып көрсетті. Олардың барлығында да Ресейдің саясатын Британияның Орталық Азияға жылжу қауіпіне қарсы бағытталған қорғаныс саясаты деп түсіндіру басым болды. Бұл аймақтағы Орталық Азия халықтарына және Ресейге қарсы бағытталған Британ агрессиясын көрсетіп отырған зерттеушілердің мұндай көзқарасы бізге әбден түсінікті [3].

XIX ғасырда Орта Азияға көз тіге бастаған Англия оңтүстік-шығыс бағытта жылжып келе жатқан Ресейді осы аймақтағы басты бәсекелесі санады. XIX ғасырдың бірінші жартысында патшалық Ресей де Орта Азияға

өзінің отарлық әрекетін ұлғайтып, Сібір мен қазақ даласы және Памир мен Тяньшань таулары аймағына үстемдігін орнатуға кірісті. Орта Азиядағы ағылшындардың белсенді әрекетіне қарсы тұру, оңтүстік шекарасын бекемдеу, әскери-стратегиялық база жасау мақсатында басып алған отарлық иеліктерінде бекіністер тұрғызып, шекара бойына казак-орыс қоныстарын салды. Нәтижесінде Ресей қазақ даласы арқылы Орта Азия мен Шығыс Түркістанға, одан әрі ішкі Қытайға қарай бағытталған саяси-экономикалық отарлау әрекеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік алды. Ағылшын-орыс бәсекелестігіне орай, XIX ғасырдың басынан Ресей Орта Азияда геосаяси және геостратегиялық мақсатта әр түрлі экспедициялар, саяхатшылар, елшілік қызметкерлерін жіберіп, ағылшын отаршылары ықпалының қаншалықты деңгейде екендігі жөнінде ақпараттар жинай бастады. XIX ғасырдың екінші жартысында Англия Бұхар, Хиуа, Қоқан және Шыңжаң жеріндегі отаршылдық әрекетін күшейте түсті. Ресей жедел түрде оның алдын алу үшін Орталық Азия хандықтарына әскери жорықтарын бастады [4].

Ресейдің Орталық Азиямен нақты қарым-қатынасының басталған кезеңі белгісіз. Алайда орыстардың Солтүстік Азияны жаулауы XVI ғасырдан басталады, деп көрсетілген тарихи мәліметтерде. Ал Қазақ елі, ондағы халықтың шаруашылығы, т.б. туралы алғашқы анықтамалар,



негізінен XVI ғасырдан бастау алады. Осы мерзімнен бастап Ресей патшалығы мен Қазақ хандығының арасында саяси, мемлекетаралық байланыс орнатылады. Алайда патша үкіметінің осы өңірдегі түпкі мақсаты отарлау, қазақ жерін игеру, өзіне қосу еді.

**Әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында.- Алматы: Атамұра, 1999. – 257 б.
2. Демко Д. Орыстардың Қазақстанды отарлауы (1896-1916 ж.ж.) - Алматы: Ғылым, 1997. – 29 б.
3. Сүтеева Қ. Ресей әскери тарихшылары Қазақстан туралы (XVIII-XIX ғ.ғ.) // Қазақ тарихы. – Алматы, 2003, № 5
4. Алдабек Н. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. 7 том.